

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ФАБИТ МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ» РММ

20 20 ж. « 09 » сентябрь

ЖАРҒЫҒА (ЕРЕЖЕГЕ) ЕНГІЗІЛГЕН
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ

БСН 960940000318

1996 ж. « 11 » декабрь



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2019 жылғы 16 қазандағы
№ 270 қаулысымен бекітілді

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының Саумалкөл ауылы
агротехникалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының Саумалкөл ауылы агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеменің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мекеме Көкшетау облысы Облыстық атқару комитетінің 1958 жылғы 22 сәуірдегі шешімімен құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) болып табылады.

Құрылтайшының заңды мекенжайы:

150011, Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тиісті саласының уәкілетті органы (бұдан әрі - Уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті органның заңды мекенжайы:

150000 Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. Мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Айыртау ауданының Саумалкөл ауылы агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Агротехнический колледж с.Саумалколь Айыртауского района» акимата Северо-Казахстанской области.

6. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері:

150100, Солтүстік Қазақстан облысы,

Айыртау ауданы,

Саумалкөл ауылы

7. Құрылтайшы мен Мекеме арасындағы өзара қарым-қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

8. Уәкілетті орган мен Мекеме арасындағы өзара қарым-қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

9. Мекеме мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

10. Мекеменің жеке мүлкі, дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қолма-қол қаражат шоттары (банктердегі есеп айырысу шоттары, арнайы, демеушілік шоттар), бланкі, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбасы бар.

11. Мекеме қолданыстағы заңнамада белгіленген мекемелерді қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.

13. Мекеме жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелер, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте тіркеледі.

14. Шарттық міндеттемелер бойынша Мекеменің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мекемені ұстауға бекітілген смета шегінде туындайды.

15. Мекеме өз атынан өтініштер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар иеленуге және міндеттерді алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

16. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3. Мекеме қызметінің мәні және мақсаты

17. Мекеме қызметінің мәні – техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейін білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін ұйымдастыру, білім беру қызметін көрсету, ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке тұлғаны дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған техникалық, кәсіптік білім алуға және орта білімнен кейінгі білім алуға қажетті жағдай жасау.

18. Мекеме қызметінің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын, сонымен қатар азаматтардың таңдаған қызмет саласында зияткерлік, мәдени, білім және кәсіптік тұрғыда дамуын қанағаттандыру, бюджеттік және басқа да қаржыландырудың балама қаражатын барынша тиімді пайдалану, оқу-материалдық базаны дамыту және нығайту.

19. Аталған мақсатқа жету үшін Мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру;

2) еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, босатылған қызметкерлерді, жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту;

3) кәсіптік, сондай-ақ жалпы білім беру дайындығының жоғары сапасын қамтамасыз ету;

4) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

5) азаматтықты және патриотизімді, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген отансүйгіштікті дамыту, Мемлекеттік рәміздерді, халық дәстүрлерін құрметтеу;

6) Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру;

7) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да ұлттарының тарихын, әдет-ғұрыпы мен салт-дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс және шет тілдерін меңгеру;

8) жаңа оқу технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру;

9) мемлекеттік білім беру стандарттар талаптарына жауап беретін мерзім және деңгейде оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқыту;

10) оқыту, әдістемелік, консультациялық және ғылыми материалдарды (оқу жоспарлары, құралдары, конспект, бағдарлама, дәрістер және т.б.) әзірлеу, басып шығару және оларды іске асыру;

11) конференция, семинар, көрмелер ұйымдастыру және өткізу.

20. Мекеме жалпы білім беретін мектептерге кәсіптік бағдар беруде, оқушыларды еңбекке баулуда және тәрбиелеуде көмек көрсетеді, оқушылардың қоғамдық және пайдалы еңбегі үшін белгіленген тәртіпте оқу-өндірістік шеберханаларын ұсынады.

21. Мекеме оқуға түсуші талапкерлер үшін дайындық курсы ашуға құқылы.

22. Мекеме өз қызметін бюджет қаржысы есебінен, немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызмет көрсету есебінен, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес күндізгі немесе кешкі оқыту формасында жүзеге асырады.

23. Мекеме мемлекет алдында студенттің әлеуметтік қорғалуына жауапты болады, білім алушылардың денсаулықтарын сақтау және нығайтуға кепілдік беретін жағдайлар жасайды.

24. Мекеме заңнамада белгіленген тәртіппен отандық және шетелдік кәсіпорындар, оқу орындары, ұйымдармен тікелей байланыс орнатуға құқылы.

25. Мекемеде бірінші (дәрігерге дейінгі) дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетіледі.

26. Мекеме осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

27. Қазақстан Республикасының заңдарымен шектеулі немесе құрылтай құжаттарында, басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мекеменің қызметтік мақсатына қайшы жасаған мәмілесі Уәкілетті органның, Құрылтайшының, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мекемені басқару

28. Мекемені жалпы басқаруды осы Жарғының 4 тармағында белгіленген Құрылтайшы жүзеге асырады.

29. Құрылтайшы заңнамада белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) Мекеменің жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

30. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемені ұстауға арналған сметаны (шығыстар жоспарын) бекітеді;
- 2) Мекемеге берілген мүліктің тиімді пайдаланылуы және сақталуына бақылау жүргізеді;

3) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, Мекеменің шешім қабылдау тәртібін белгілейді;

4) Мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын қызметен босату негіздерін белгілейді;

5) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді.

31. Мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

32. Мекеме директоры Уәкілетті органның шешімімен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

33. Мекеменің директоры Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Уәкілетті органға тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

34. Мекеме директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленген өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

35. Мекеме директоры Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Мекемедегі ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын

қамтамасыз етеді, Уәкілетті органға тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына, сондай-ақ Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақтауына дербес жауап береді.

36. Қызмет атқару барысында Мекеме директоры заңнамада белгіленген тәртіпте:

- 1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) барлық мемлекеттік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда және кәсіпорындарда Мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) заңнамада белгіленген өз құзыреті шегінде мүлікке билік етеді;
- 4) шарттар жасасады;
- 5) сенімхаттар береді;
- 6) іс-сапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша Мекеменің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 7) банк шоттарын ашады;
- 8) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 9) Мекеменің қызметкерлерін еңбек заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- 10) Мекеменің қызметкерлеріне қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 11) өз орынбасарларының, сондай-ақ Мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 12) ерлер мен әйелдердің тең құқықтары және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 13) Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауап береді.

37. Мекеменің алқалық басқару нысандары педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес болып табылады.

38. Мекеме қызметкерлерінің және әкімшілік арасындағы еңбек қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жасалынған еңбек шартымен реттеледі.

5. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

39. Мекеменің мүлкі оған жедел басқару құқығымен тиесілі.

40. Мекеме Құрылтайшының рұқсатынсыз мүлікті сата алмайды, жалға және кепілге бере алмайды.

41. Мекеменің мүлкі:

- 1) оған Құрылтайшы берген мүлік;

- 2) өз қызметі барысында сатып алынған мүлік;
- 3) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

42. Мекеменің қаржы қаражатының көздері:

- 1) жергілікті бюджеттен алынған қаражат;
- 2) ақылы қызмет көрсетуден, заңды және жеке тұлғалардың демеушілік және қайырымдылық көмегінен түсетін түсімдер.

43. Мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және смета бойынша қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

44. Мекеме өз міндеттері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді, өз ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда, міндеттемелер бойынша жәрдем қаражат жауапкершілігін Құрылтайшы атқарады.

45. Мекеме жедел басқару құқығы негізінде, жарғылық қызметін камтамасыз ету үшін қажетті мүлікке ғана иелік етеді.

46. Мекеме қолданыстағы заңнамаға сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

47. Уәкілетті орган, Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте атқарады.

48. Мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кәсіптік оқытуды (техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру) ұйымдастыру бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге құқылы.

49. Мекеме мен Уәкілетті орган, Мекеме мен басқару органы, Мекеме әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес атқарылады.

6. Мекемеде білім беру процесін ұйымдастыру

50. Мекемедегі білім беру процесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады және техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырылады:

1) техникалық және қызмет көрсету еңбегінің жаппай мамандықтары бойынша кадрлар даярлау;

2) кәсіптік қызмет пен жоғары технологиялармен байланысты экономиканың барлық саласындағы жұмысты орындау барысында күрделі (аралас) мамандықтар мен тәжірибелік дағдыларды меңгеру;

3) орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары.

51. Оқу процесі теориялық сабақтар және өндірістік оқыту шеберінің басшылығымен оқу-өндіріс шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында орындалатын өндірістік оқытуды камтиды.

52. Мекеме қолданыстағы кәсіп пен мамандықтар тізбесі негізінде, еңбек нарығының сұранысына сай жаңа мамандықтар бойынша кадрлар дайындығын жедел өрістетуге құқылы.

Мекеме өзінің бар мүмкіндіктеріне қарай, және студенттердің сұранысына сәйкес оқу (зерделеу) тілін өзі белгілейді.

53. Мекемеде оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 1 шілдеден кешіктірілмей аяқталады. Мекеме, жергілікті жағдай-шарттарға байланысты оқу жылының басталу және аяқтау мерзімін өздігінен белгіленуі мүмкін. Жекелеген санаттағы студенттер үшін, оқудың басталуы, оқу тобының жинақталуына, тапсырыс беруші кәсіпорындармен жасасқан шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

54. Мамандықта бойынша оқу топтары 25-30 студенттен жинақталады. Студенттердің апталық жүктемесі оқу жоспарымен белгіленеді. Толық оқу жылында каникул күндері 10 аптадан кем болмауы тиіс. Жұмыс беруші - тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жұмысшы кадрларды дайындау мен қайта даярлауды қаржыландыру барысында оқу топтарының толықтығын Мекеме шартқа сәйкес белгілейді.

55. Мекемеде теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны сабақ болып табылады. Сонымен қатар, дәрістер, семинар сабақтар, сұхбаттасу, консультация сабақтары, өзіндік зертханалық-тәжірибелік, факультативтік жұмыстар жүргізіледі.

56. Қазақ тілі мен шет тілдерін, информатиканы оқыту, зертханалық және тәжірибелік жұмыстар жүргізу барысында оқу тобы 8 адамнан кем болмайтын шағын топтарға бөлінуі мүмкін. Теориялық оқыту сабағының ұзақтығы 45 минут, қажеттігіне қарай 2 сабақтан кейінгі 5-10 минуттық үзіліспен қосақталған сабақтар өткізілуі мүмкін.

57. Мекеме өндірістік оқыту жүргізу мақсатында оқу шаруашылықтары мен оқу полигондарын ұйымдастырады.

58. Студенттердің өндірістік практикасы Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында жүргізіледі. Оқу практикасы оқу-өндірістік шеберханалар, зертханалар базасында, Мекеме полигондарында, кәсіпорындарда жүзеге асырылады.

59. Бағдарламаны игерудің табыстылығы, білім, білік және дағды сапасы 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлық емес) деген балмен бағаланады. Мекеме, студенттердің ағымдағы білімін бағалаудың әр түрлі әдістері мен тәсілдерін және оларды бақылау түрлерін дербес белгілеуге құқылы.

60. Мекемеде кәсіптік дайындық дағдыларын игеруді ұдайы бақылау мақсатында, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес студенттерді кезең-кезеңмен аттестаттау жүргізіледі.

61. Бағдарлама аясындағы қарастырылған пәндер бойынша қанағаттанарлық емес баға алған студенттер үшін пәндер бойынша берешектерін жою жағдайы жасалады.

62. Қорытынды аттестаттауға оқудың толық курсы аяқтаған, өндірістік оқыту және кәсіптік цикл пәндерінен жақсы баға алған студенттер жіберіледі.

Белгіленген аурулар тізбесіне сәйкес, медициналық комиссияның анықтамасы негізінде студенттер емтихан тапсырудан босатылуы мүмкін.

63. Студенттерді келесі курсқа көшіру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нысанда және тәртіпте ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау негізінде рұқсат етіледі.

64. Оқуды аяқтаған студенттерге, мемлекеттік стандарт талаптарына сай білімін куәландыратын мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

65. Педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар жіберіледі.

66. Мекемеде педагогикалық қызмет атқаруға сот үкімімен және медициналық қорытынды бойынша тыйым салынған, сондай-ақ белгіленген заңнама тәртібінде сотталу мерзімі өтелмеген немесе алып тасталмаған тұлғалар қызмет істеуге жіберілмейді.

67. Мекеме қызметкері және әкімшілік арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шартымен реттеледі.

68. Мекемедегі педагог қызметкерлердің құқықтары:

1) кәсіптік қызметке жағдай жасай отыра, педагогикалық қызметпен айналысу;

2) педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу, тәжірибелік-сынақ жұмыстарымен, ғылыми-зерттеулермен айналысу;

3) жеке педагогикалық қызмет;

4) білімнің тиісті деңгейінде сәйкес келетін мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптары сақтағалу шартымен педагогикалық қызметтің нысандары мен тәсілдерін еркін таңдау;

5) білім беру ұйымының басқару органының алқалы органдарының жұмысына қатысу;

6) біліктілігін, ұзақтығы төрт айдан аспайтындай, кем дегенде бес жылда бір рет жоғарылату тиіс;

7) санатын көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау;

8) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйақылар және атаулы стипендия түрінде моральдық және материалдық көтермелеу;

9) өзінің кәсіптік ар-намысын және абыройын қорғау;

10) әскер қатарына шақыртудың мерзімін ұзарту;

11) педагогикалық өтілін сақтай отырып, ғылыми жұмыспен айналысу үшін шығармашылық демалыс алу;

12) білім ұйымы әкімшілігінің өкімдері мен бұйрықтарына шағым жасау.

69. Педагог қызметкерлер міндетті:

1) өзінің кәсіби құзыретіне сәйкес теориялық және практикалық білім мен дағдыларды меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талабына сәйкес сапалы біліммен қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары рухани ізгілікке, ата-аналарын құрметтеуге, этномәдени құндылықтарға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттілігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектін, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі арттырып отыру;

6) кем дегенде бес жылда бір рет аттестаттаудан өту;

7) педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;

8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының арнамысы мен абыройын құрметтеу.

Педагогикалық әдеп нормалары мен міндеттерін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдары мен еңбек шартында белгіленген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

7. Мекеменің білім алушылар, олардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі

70. Мекемеге оқуға қабылдау, азаматтардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және тиісті деңгейдегі кәсіптік оқу бағдарламасын игеруге неғұрлым қабілетті және дайындалған азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

71. Студенттерді Мекемеге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

72. Мекеменің білім алушылар, олардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

73. Мекеме студенттерінің құқығы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес таңдаған мамандығы бойынша білім, орта білімнен кейінгі сапалы техникалық және кәсіптік білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспары, қысқартылған білімнің оқу бағдарламасы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары аясында білім алуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) ақылы қызмет негізінде, өз бейімділігі мен қажеттілігіне сәйкес қосымша білім алуға;

5) білім ұйымын басқаруға қатысуға;

6) бір оқу нысанынан басқа оқу нысанына, бір мамандықтан басқа мамандыққа, бір оқу орнынан басқа оқу орнына ауысуға және көшуге;

7) оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтармен қамтамасыз етілуге, білім беру ұйымдарындағы ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға;

8) спорт, оқу, мәжіліс, оқу залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы ахуал туралы ақпарат алуға;

10) өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіруге;

11) өз абройын құрметтеуге;

12) оқуда, ғылыми және шығармашылық жұмыстағы табыстары үшін ынталандыруға;

13) оқудан бос уақытта жұмыс істеуге;

14) Мекеменің өзін-өзі басқару органының жұмысына қатысуға;

15) қосымша, оның ішінде ақылы білім алуға.

74. Студенттер міндетті:

1) кәсіби шеберлікті, ғылымға негізделген білімді адал игеруге, өздігінен білімін арттыруға, оны тәжірибеде пайдалануға, ұжымның қоғамдық өміріне белсене қатысуға;

2) қоғамдық-пайдалы өндірістік еңбекке өз үлесін коса отыра, оқу, еңбек және өндірістік тәртіп, тазалық және еңбекті қорғау талаптарын қатаң сақтауға;

3) мемлекет мүлкі және меншігін сақтау, нығайту, табиғатты қорғау және оның байлығын арттыруға;

4) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға, дене шынықтырумен айналысуға, өзін Отан қорғауға дайындауға;

75. Жетім балалар және ата-ананың немесе оларды алмастырушы тұлғаның қамқорынсыз қалған жетім балаларды оқыту толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі.

76. Оқу барысында студенттерді апаттар мен зілзалаларды жою жағдайында ғана болмаса, қалған уақыттарда оқу процесімен байланысы жоқ жұмысқа тартуға тыйым салынады.

77. Оқудағы ерекше жетістіктері мен табыстары, қоғамдық өмірге белсене қатысулар үшін студенттерге түрлі моральдік және материалдық ынталандырулар белгіленеді:

- алғыс;

- ата-аналарына алғыс хат;

- сыйақы;

- бағалы сыйлық.

Ынталандыру формасын инженерлік-педагогикалық ұжымның ұсынысы бойынша білім беру ұйымы басшылығы белгілейді.

78. Мекемеде оқуды аяқтаған және мемлекеттік аттестаттаудан өткен студент-түлектерге кәсіптік білім және біліктілік деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының белгіленген үлгідегі құжаты беріледі.

79. Мемлекеттік аттестаттаудан «5» (өте жақсы) бағасы бар және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысқан, өндірістік оқыту, арнайы және жалпы техникалық пәндер бойынша оқу жоспарының басқа пәндерінен кемінде 75% қорытынды

бағасы «5» (өте жақсы), ал қалған пәндер бойынша «4» (жақсы) бағасы бар Мекеме түлектеріне үздік үлгідегі құжат беріледі.

80. Мекеме кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдеріне келесі мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді:

- 1) оқу және тәрбие процесінің барысы және мазмұнымен, сондай-ақ өз балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу шарттарымен танысу;
- 2) Мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысуын.

81. Ата-аналар және басқа да заңды өкілдер міндетті:

- 1) білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде Мекемеге қолдау көрсетуге;
- 2) оқу орнында балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге.

82. Жарғы, Ішкі тәртіп ережесін жүйелі түрде бұзу, сабақты себепсіз босату, нашар үлгерімі немесе оқығысы келмеген студенттерге қатысты, оқудан шығаруға шарасы қолданылады.

83. Қасақана материалдық шығын келтірген жағдайда оның құны айыптыдан белгіленген тәртіп бойынша өндіріп алынады.

8. Мекеменің жұмыс тәртібі

84. Мекеменің жұмыс тәртібі Ішкі еңбек тәртібі ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

85. Мекеме тәулік бойы жұмыс істейді. Демалыс күндері кесте бойынша.

9. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

86. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Уәкілетті органның шешімі бойынша атқарылады.

87. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

10. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

88. Мекемені қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, қайта құру, бөлу, бөліп шығару) және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі қолданыстағы заңнамаға сәйкес бөлінеді.

11. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

90. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.